



Құрметті студент!

2017 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B011200	«Химия»	1. Педагогика 2. Химияны оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Химиялық экология

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Педагогика
 2. Химияны оқыту әдістемесі
 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
 4. Химиялық экология
2. Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Тұлға дамуының негізгі бағыттары:

- A) психикалық
- B) әлеуметтік
- C) танымдық
- D) тәрбиелік
- E) қызығушылық
- F) дене
- G) эмоционалдық

2. Педагогика саласында балалардың жас және дара ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар:

- A) Коменский Х.А., Джон Локк
- B) Сластенин В.А., Кузьмина Н.В
- C) Хмель Н.Д., Ушинский К.Д
- D) Толстой Л.Н., Сластенин В.А
- E) Дистервег А., Сластенин В.А

3. Педагогикалық зерттеулердің дәстүрлі әдістері:

- A) Сауалнама
- B) Кибернетикалық өңдеу
- C) Әңгіме
- D) Әдебиетті зерделеу
- E) Статистикалық өңдеу
- F) Математикалық өңдеу

4. Баланың жас ерекшеліктеріне қарай өзіндік сенімдері, көзқарастарының қалыптасуында сананы қалыптастыру әдісі:

- A) дәріс
- B) жарыс
- C) талап
- D) жазалау
- E) нұсқау
- F) әңгіме-сұқбат
- G) жаттығу
- H) ақыл-кеңес

5. Жоғары мектеп аты:

- A) жоғары
- B) академия
- C) бастауыш
- D) орта кәсіптік
- E) негізгі орта

6. Педагогика ғылымының салалары:

- A) Мектеп педагогикасы, салыстырмалы педагогика, этнопедагогика
- B) Жоғары мектеп педагогикасы, медициналық педагогика, арнайы педагогика
- C) Арнайы педагогика, түзету педагогикасы
- D) Психологиялық педагогика, физиологиялық педагогика
- E) Жалпы педагогика, жасөспірімдер педагогикасы, педагогика
- F) Акмеология, білім беру педагогикасы

7. Адамгершілік тәрбие міндеті:

- A) адамгершілік сана қалыптастыру
- B) эстетикалық талғам қалыптастыру
- C) құқықтық жауапкершілік қалыптастыру
- D) санитарлық-гигиеналық іскерліктер қалыптастыру
- E) ой қабілеттерін дамыту
- F) табиғатқа ізгілік қатынас қалыптастыру

8. Оқу бағдарламаларының түрлері:

- A) Мектеп
- B) Типтік
- C) Авторлық
- D) Өзіндік
- E) Міндетті
- F) Тұлғалық
- G) Оқу-жұмыс

9. Білім беру философиясы мәртебесін анықтаудағы көзқарастар:

- A) Философия саласы
- B) Педагогика саласы
- C) Білім беру философиясы жеке ғылыми сала емес
- D) Білім беру философиясы ғылыми білімдердің пәнаралық саласы
- E) Қолданбалы философия
- F) Әдіснамалық оқулар
- G) Ғылыми зерттеулер

10. Педагогикалық әдіснаманың мәні:

- A) логика туралы ғылым
- B) адамдар туралы ғылым
- C) әдістер туралы ғылым
- D) арнаулы зерттеу әдістерін жасауға арналған ғылым
- E) тіл туралы ғылым
- F) педагогикалық ілімдерді зерттейтін ғылым
- G) философиялық қағидаларды тікелей ғылыми зерттеулерде қолдану туралы ғылым

11. Тәрбие формаларын жіктеу белгілері:

- A) басқару стилі
- B) тәрбие түрі
- C) сабақтан тыс жұмыста біріге әрекет ету
- D) тәрбие бағыты
- E) жұмыс түрлері
- F) институционалдық белгі

12. Қазіргі қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатысуда оқушы белсенділігі байланысты:

- A) Қойылатын талаптардың мазмұнына
- B) Сұранысқа ие болуына
- C) Мектеп директорының позициясына
- D) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың тиімділігіне
- E) Мұғалім позициясына
- F) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың көлеміне

13. Сыныптағы тәрбие жүйесінің кезеңдері:

- A) Жүйенің дамуы
- B) Оқушылар ұжымын зерттеу
- C) Жүйенің қалыптасуы
- D) Жүйені қалыптастыруда сынып жетекшісінің басқарушылық рөлі
- E) Оқушылардың өзара қарым-қатынасын зерттеу
- F) Ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын жоспарлау

14. Тәрбиеде ата-аналардың жіберетін негізгі қателіктері:

- A) Мінез-құлық ерекшеліктері
- B) Мектеп пен жанұяның ынтымақтастығы
- C) Насихат, жазғыру, ұрсу
- D) Жұмыс бастылық
- E) Педагогикалық сауатсыздық

15. Дидактика ғылым ретінде қарастырады:

- A) Балаларды кім оқытады
- B) Нені оқытамыз
- C) Қай жерде оқытамыз
- D) Баланы кім үшін оқытамыз
- E) Қалай оқытамыз
- F) Не үшін оқытамыз

16. Оқытуды ұйымдастыру формасы:

- A) Түсіндіру
- B) Ата-аналармен жұмыс
- C) Семинар
- D) Оқу саяхаты (экскурсия)
- E) Сабақ

17. Ұжымдық-танымдық іс-әрекет:

- A) Оқушылардың жеке бас қасиеттерін дамыту процесі
- B) Оқушылардың кәсіби әрекеттерінің жүйесі
- C) Педагог пен оқушылардың ортақ көзқарастары
- D) Оқушылардың ата-аналарымен жүргізілетін іс-әрекеті
- E) Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту
- F) Әлеуметтік тәжірибені игерудегі мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекеті
- G) “Педагог-оқушылар” жүйесінің қызметі
- H) Сыныптастармен бірлесіп әрекет ету

18. Білім, білік және дағдыны қалыптастыру үдерісі қажет етеді:

- A) Диагностикалауды
- B) Оқу жоспарын
- C) Оқу-танымдық іс-әрекеттерінің нәтижесін анықтауды
- D) Басқаруды
- E) Тұлға болмысын
- F) Жүйелеуді
- G) Бағыттауды

19. Оқушылардың білімі, білік дағдыларын тексеру және бағалау

- A) Әңгіме, лекция, әңгімелесу
- B) Күнделікті бақылау, сабақта баға қою
- C) Кайталау, есте сақтау
- D) Әңгімелесу, диспут
- E) Диктант, фронтальды бақылау
- F) Жаттығу, лабораториялық сабақ, әңгімелеу
- G) Әңгіме, кітаппен жұмыс

20. Ю.К. Бабанский ұсынған оқыту әдістерінің топтары:
- A) Оқушыларға сауалнама жүргізу жолдары
 - B) Оқу үдерісінде көрнекіліктерді пайдалану
 - C) Оқытудың өзіндік бақылау және бақылау
 - D) Іс-әрекетті ұйымдастыру
 - E) Ұйымдастыру және оқу-таным іс-әрекетін іске асыру
 - F) Оқу-таным үдерісін жүзеге асыру
 - G) Оқу үдерісінде сұхбаттасу әдісін пайдалану
21. Дидактикада оқыту технологиялары жіктелетін сипаттар:
- A) Психологиялық негіз
 - B) Тәжірибені меңгерудің ғылыми сипаттамасы
 - C) Нәтижелілік деңгейі
 - D) Әдістемелік негіз
 - E) Философиялық негіз
 - F) Теорияны меңгерудің ғылыми сипаттамасы
 - G) Әдіснамалық деңгейі
22. Оқулыққа қойылатын негізгі талаптар:
- A) Күрделі ғылыми стильде жазылуы тиіс
 - B) Мазмұнында келтірілген материалдар көлемді болуы керек
 - C) Оқу бағдарламасына сәйкес болу; оқушылар үшін ұғымды, қысқа және қызықты болуы
 - D) Оқу үдерісінде тексерілген соң ғана баспадан шығуы тиіс
 - E) Тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек немесе күрделі ғылыми стильде жазылуы тиіс
 - F) Тексеру, өзін-өзі тексеру және оқу нәтижелерін түзетуге арналған сұрақтар мен жаттығулардың болуы
23. Басқаруда басшылыққа алатын ақпараттар:
- A) Баяндаушылық
 - B) Шолушылық
 - C) Ақпараттық
 - D) Бағалаушылық
 - E) Жобалаушылық
24. Ұжымның жағымды әлеуметтік психологиялық жағдайын жасайды:
- A) Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас
 - B) Құқықтық қарым-қатынас
 - C) Экологиялық қарым-қатынас
 - D) Ашық қарым-қатынас
 - E) Сын тұрғысынан қарау

25. Әдістемелік жұмысты қорытындылау формалары:

A) диссертациялық кеңес

B) озық тәжірибе мектебі

C) жеке мұғалімдердің немесе әдістемелік бірлестіктердің шығармашылық есептері

D) жас мұғалім мектебі

E) педагогикалық оқулар

**Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Химияны оқыту әдістемесі

1. Химияны оқытудың әдістемесі оқу пәнінің жеке бөлімінде қарастыратыны:

- A) Химияны оқытудың ұйымдастыру формалары мен әдістері
- B) Химиялық заттар олардың номенклатурасы
- C) Химияның негізгі ұғымдары мен теориялары
- D) Химиялық элемент және реакция туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру және дамыту әдістемесі
- E) Зат туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру және дамыту әдістемесі
- F) Химияның теориялық көзқарасын оқып-үйрену

2. Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық ғылым ретіндегі сипаттамасы:

- A) Оқу пәнінің басқа пәндермен байланысын қарастыратын ғылым
- B) Қоршаған орта туралы ілімнің заңдылықтарын оқытуды қарастыратын ғылым
- C) Жаратылыстану пәні негізін игертудің заңдылықтарын қарастыратын ғылым
- D) Мектептегі химия курсының мазмұнын оқушыларға игерту заңдылықтарын қарастыратын ғылым
- E) Жасөспірімдерге химия ғылымын үйретудің қоғамдық әрекеті қарастырылатын ғылым
- F) Химияны оқыту әдістемесінің зерттеу объектісі мен пән мазмұнын анықтау
- G) Оқушыларды білім алуға тәрбиелеп, дамыту заңдылықтарын қарастыратын ғылым

3. Химия саласы бойынша маман кадрларды даярлаудың кезеңдері:

- A) 1932-1940 жж
- B) ІХ ғ. Басы- ІХ ғ.50 жылдарға дейінгі уақыт
- C) 1928-1934 жж
- D) 1936-қазіргі ауқытқа дейінгі кезең
- E) ІХ ғ. 30 жылдарға дейінгі уақыт
- F) 1930-1936 жж

4. Химияны оқыту әдістемесінің негізгі үлес қосқан кеңес ғалымдары:

- A) Л.С. Выготский
- B) Л.В. Занков
- C) С.Г. Шаповаленко
- D) Н.А. Менчинская
- E) В.В. Давыдов
- F) П.Я. Гальперин

5. Оқытушылар мен оқушылардың біріккен іскерлігі, білім көзі негізін, таным іс-әрекетін ескеретін оқыту әдістерінің классификациясын ұсынғандар:

- A) Л.А. Цветков
- B) И.Я. Лернер
- C) С.Г. Шаповаленко
- D) П.А. Глориозов
- E) Р.Г. Иванова
- F) Ю.К. Бабанский

6. Химияны оқытудағы оқу жұмысын ұйымдастырудың ең негізгілері:

- A) Сұрақтар
- B) Сабақтың әдістері мен құрылымы
- C) Үлестірмелі құралдар
- D) Сабақтың мазмұны
- E) Сабақтың типі

7. Білімді ауызша тексеру әдісіне жатады:

- A) Аспаптарды құрастыру
- B) Фронтальды әңгіме
- C) Компьютерлік тестілеу
- D) Жазбаша өздік жұмыс
- E) Қысқаша сұрау

8. Таным іс - әрекет сипаттамасын ескеретін, химияны оқыту әдістері:

- A) Семинар
- B) Эвристтикалық
- C) Дәріс
- D) Ауызша
- E) Ауызша-көрнекі-практикалық
- F) Ауызша-көрнекі

9. Оқу эксперименттерін ұйымдастыру формалары::

- A) Өздік жұмыстарды жазу
- B) Аспаптарды модельдеу
- C) Үлестірме материалдармен жұмыс
- D) Видеофильмдерді көру
- E) Зертханалық жұмыстар
- F) Сарамандық сабақтар

10. Химияның жаратылыстану ғылымдары арасындағы орнын көрсетудің негізгі бағыттары:

- A) ғалымдардың еңбектерінің ролін ашу
- B) заттардың құрылысын және қасиетін қарастыру
- C) әртүрлі күрделену сатысындағы заттардың химиялық табиғатының сипатын көрсету
- D) физикалық, Геохимия, Биохимия ғылым салаларының ролін қарастыру
- E) заттардың өзгерістерін атом- молекулалық деңгейде қарастыру
- F) заттардың құрылысын атом-молекулалық ілім тұрғысында қарастыру
- G) химиялық реакциялардың жүру заңдылығын көрсету

11. Химия пәнін оқытудағы негізгі бағыттар:

- A) Ұжымды оқыту жүйесі
- B) Қашықтан оқыту жүйесі
- C) Тікелей оқыту үрдісі
- D) Дәстүрлі оқыту жүйесі
- E) Іштей оқыту түрі
- F) Сабақты компьютерлеу және ақпараттандыру
- G) Қарқынды оқыту жүйесі

12. Оқу-тәрбиелік міндеттерді орындаудағы экспериментке қойылатын талаптар:

- A) Тәжірибенің мақсатын хабарлау
- B) Қорытынды және теориялық негіздеу
- C) Құралды сипаттау
- D) Сенімділік
- E) Сурет бойынша түсіндіру

13. Оқыту әдістерінің сөз-көрнекі-сарамандық әдістерінің тобына жатады:

- A) Ауызша
- B) Әңгімелесу
- C) Демонстрациялық тәжірибе
- D) Ауызша, зерттеуші
- E) Дәріс

14. Оқу материалын «Зат – Химиялық элемент – Валенттілік – Химиялық формула – Химиялық реакция» ұғымдары ретімен қарастыруға негізделетін ұстаным:

- A) көрнекілік
- B) жүйелілігі немесе бірізділігі
- C) тарихи ұстанымы
- D) түсініктілігі
- E) саналылық пен белсенділік
- F) теорияның тәжірибемен байланысы
- G) проблемалық

15. Оқу мақсаты мен бақылау мақсатының қатынасы:

- A) Бағалау мақсаты
- B) Әңгімені бағалау
- C) Оқушының оқуы
- D) Міндеттерді шешу
- E) Химияны оқытудың мақсаты

16. Химия бойынша сыныптан тыс жұмыстар мазмұнына қойылатын талаптар:

- A) Жаңалықты жүзеге асыру
- B) Ғылымилығы
- C) Өмірмен байланыстылығы
- D) Жүйелілігі
- E) Саналылығы
- F) Түсініктілігі
- G) Қол жетімділігі

17. Химия бойынша сыныптан тыс жұмыстардың формалары:

- A) Топпен
- B) Жаппай
- C) Жекеше
- D) Жаңалықты жүзеге асыру
- E) Қол жетімділігі
- F) Өмірмен байланыстылығы

18. Органикалық химиядағы стереохимиялық теория қарастырады:

- A) Қолдану аймағын
- B) Функционалды топтарды ғана қарастырады
- C) Полимерге ұшырауын
- D) Көміртек атомының кеңістікте орналасуы
- E) Көміртек атомының реакцияға түсуін
- F) Басқа да заттарға айналу процестерін
- G) Полимер молекулалардың стереоретті құрылысы

19. Жаңа материалды үйренудегі негізгі іскерліктер:

- A) Іздемпаздық
- B) Қайталау
- C) Білімді жетілдіру
- D) Дағдылану
- E) Жауапкершілік
- F) Тапқырлық
- G) Бұлжытпай орындау

20. Металдардың химиялық қасиеттерін дедукциялық тәсілмен оқыту:

- A) Металдардың бейметалдармен әрекеттесуі
- B) Металдардың коррозияға ұшырауы
- C) Металдардың сумен әрекеттесуі
- D) Металдардың аминдермен әрекеттесуі
- E) Металдардың қышқылдар және тұздармен әрекеттесуі

21. Жаңа сабақты түсінуге арналған технологиялық картадағы сұрақтар тізбесі:

- A) Нені білу керек?
- B) Не себепті?
- C) Нені анықтау?
- D) Нені табу?
- E) Не білдіңдер?
- F) Мақсат қандай?
- G) Нені қарастыру?

22. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының басты мақсаты:

- A) Оқытуды оқушыға бағыттау
- B) Ой қозғау
- C) Оқушының белсенді түрде араласуы
- D) Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту
- E) Сызба нұсқаларды құрастыру
- F) Сабақты ойдағыдай жүргізу

23. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін және сенімділігін қамтамасыз етуді бағалау тәсілдері:

- A) Рейтингтік бағалау
- B) Тапсырмаларды орындау
- C) Оқушы портфолиосы
- D) Оқушының көз қарасы
- E) Кешенді тестілеу
- F) Ағымды бақылау

24. Сызбанұсқаға сәйкес $H_2O + Me \rightarrow Me(OH)_n + H_2$ негіздер туралы бастапқы ұғым қалыптастырылғанда оқушылардың білім алу мен оны қолдану үрдісінде жүзеге асатын ойлау тәсілдері:

- A) еске сақтау
- B) себеп-салдар байланысын ашу
- C) жіктеу, жүйеге түсіру
- D) қорыту және жалпылау
- E) салыстыру

25. Оқу процесінде заманауи-инновациялық технологияларды қолдануда оқытушының ұстанымы:

- A) Негізгі ұғымдарын қалыптастыру
- B) Жеке тұлға ретінде өзін сезінуі
- C) Білім мен білікті жетілдіру
- D) Әр студенттің даралығын дамыту
- E) Әр адамның жеке басының ерекшеліктерімен құндылықтарын дамыту

**Химияны оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Жаңа тәрбие жүйесін жасауға қажеттілікті айқындайтын жағдайлар:

- A) тәрбие үдерісін талдау және бағалау
- B) жүйелі әдістерді(құралдарды) қолдану қажеттігі
- C) мектеп жұмысының тұрақтануы
- D) жүйенің қалыптасуы
- E) педагогтар тобындағы озық ойлардың пайда болуы
- F) жүйенің тұрақты жұмыс жасап тұруы
- G) әдістерді түрлендіру қажеттігі

2. Тәрбие әдістері:

- A) әңгімелесу
- B) мадақтау
- C) оқу әрекеттері
- D) оқу жұмысы
- E) жаттығу
- F) саяхат
- G) сендіру

3. Оқушылармен көпшілік тәрбие жұмысын ұйымдастыру түрлері:

- A) Ертеңгіліктер
- B) Бақылау
- C) Басқару
- D) Жеке қызығушылығын анықтау
- E) Сынып сағаты
- F) Кештер

4. Сәтсіз отбасылардың көбеюінің себептері:

- A) экономикалық білімнің болмауы
- B) ата-ана мен баланың қарым-қатынасының дұрыс қалыптаспауы
- C) отбасын құруға дайын болмау
- D) педагогикалық білімсіздік
- E) ауыл немесе қалада тұруы
- F) денсаулық

5. Іс әрекет ұйымдастыру және қоғамдық тәрбиеге үйрету әдістері:
- A) тәрбиелік жағдаяттар
 - B) жазалау, жарыс, мадақтау
 - C) мектептегі әдістемелік кеңес
 - D) сендіру, этикалық әңгіме
 - E) жаттығу
 - F) қоғамдық талап
6. Сынып жетекшісінің функциялары:
- A) Балалардың дамуын диагностикалау
 - B) Мереке ұйымдастыру
 - C) Отбасы өміріне ретсіз араласу
 - D) Ашық есік күндерін өткізу
 - E) Инновациялықты жасау
 - F) Балаларды әлеуметтік қорғау
7. Оқушылардың сыныптық ұжымы:
- A) Қызығушылықтары сәйкес келетін, әр жастағы балалар тобы
 - B) Мектептен тыс мекемелердегі шығармашылық ұжым
 - C) Білім, тәрбие мақсатына жету үшін құрылатын оқушылар ұжымы
 - D) Ғылыми-ізденушілік бағыттағы ұйымдасқан ұжым
 - E) Шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру тобы
 - F) Білім алу мақсатында, ішкі қарым-қатынасы қалыптасқан балалар ұжымы
 - G) Бір мектепте білім алатын, әр жастағы балалар тобы
8. Қиын балалардың ерекшелік белгілері:
- A) философиялық мәселелерге көп ойлануы
 - B) танымдық, өнертапқыштық жұмыстарға құштарлық
 - C) отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы дұрыс жолға қойылуы
 - D) ұжым арасындағы ынтымақтастық
 - E) аномальді қажеттілік (маскүнемдік, нашақорлық)
 - F) тұрақты жаман қасиеттер жиынтығы (өзімшілдік, өтірікшілік)
9. Қиын балаларды болдырмау, теріс, жағымсыз әдеттерді жою және алдын алу жұмыстары:
- A) сынып сағаттары
 - B) қиын балаларды оқудан шығару, жазалау
 - C) бастапқы кезең және жұмыс әдістемесі
 - D) қиын баламен жұмысты қорытындылау
 - E) құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кеңестер
 - F) тәрбие жоспары

10. Ата-аналар жиналысын өткізуде тиімділігі зор жұмыстар:
- A) Ата-аналардың бала тәрбиесі туралы білімдерін тексеру
 - B) Ата-аналармен жеке әңгімелесу
 - C) Әріптестер мен басшыларды тұрақты қатыстыру
 - D) Балалардың жетістіктерін мадақтау
 - E) «Баланың кітап оқу мәдениетін жетілдіру» тақырыбында сұхбаттасу
 - F) Ата-аналардан бала тәрбиесі туралы кеңестер алу
 - G) Жиналысты балалармен мереке түрінде өткізу
11. Қазіргі тәрбие жүйесінің негізгі ұстанымдары:
- A) Тәрбиенің еңбекпен байланысы
 - B) Талдау, жинақтау
 - C) Қоғамға бағытталғандығы, өмірмен байланысы
 - D) Тәрбиенің ұзақтығы
 - E) Ағымдағы тәрбие үдерісі ұстанымдары
12. Үйірме жұмыстарының маңызы:
- A) оқушының бос уақытын тиімді етеді
 - B) ата-аналардың бала тәрбиесі туралы білімдерін тереңдетеді
 - C) авторитарлық тәрбие жүзеге асырылады
 - D) мектептегі сабақтарды қайталайды
 - E) педагогтің білімін жетілдіруге үйірменің көмегі тиеді
 - F) оқылатын пәндер көрнекілікпен қамтылып, педагогтар тәжірибе алмасады
13. Қазіргі отбасы дағдарысының сипатталуы:
- A) Азаматтық некенің салдарынан
 - B) Ата-аналардың ой-өрісінің тарылуымен
 - C) Экономикалық жағдайларға баяу бейімделуімен
 - D) Әлеуметтік құрылымның жедел өзгеруімен
 - E) Бала асырап алуға заңды құқытың болуы немесе болмауынан
 - F) Ұлттық дәстүрді сақтамаудан
 - G) Отбасылардың жаңа әлеуметтік жағдайларға баяу бейімделуімен
14. Қиын балалармен жұмыс әдістемесі келесі кезендерді қамтиды :
- A) Оқушыларды жан-жақты зерттеу және іріктеу
 - B) Тәрбие бағыттары
 - C) Тәрбие мақсаты, міндеттері
 - D) Қиындықтың түрлеріне қарай мамандармен кеңесу
 - E) Типтерді зерттеу бойынша психологпен кеңесу

15. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- A) қамқоршылар кеңесі
- B) мектептің ата-анамен біріге шара ұйымдастыру
- C) баланы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу
- D) құрылтайшылар кеңесі
- E) ұжымның маңызды шешім қабылдауына мүмкіндік жасау
- F) педагогикалық білімдер университеті
- G) ата-аналарға кеңес

16. Тәрбие жоспарын жасауда қойылатын талаптар:

- A) тәрбие жұмысы түрлерінің оқушылардың жас және тәрбиелік деңгейіне сәйкестігі
- B) оқылатын пәндерді көрнекілікпен қамту, әдістемесін түрлендіру
- C) көлемі екі баспа табақтан аспауы
- D) жоспардың тәрбие түрлерін толық қамтуы
- E) мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-шаралардың күнделікті өтуі

17. Еңбек нәтижесін құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу мақсатында айтылған ырымдар мен тыйым сөздер:

- A) қайта ашатын есігінді қатты жаппа
- B) нанды лақтырма
- C) басыңды шайқама
- D) ағын суды ластама
- E) нанның үгіндісін аяққа баспа
- F) екі тізеңді құшақтама
- G) үлкеннің алдын кесіп өтпе

18. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие жұмысын ұйымдастырушының міндеттері:

- A) тәрбие жұмысын бақылау, тексеру, түзету, озат тәжірибені тарату
- B) мектеп директоры мен сынып жетекшілерінің қарым-қатынасын жақсарту
- C) оқушыларды ұжым болып пікірталастыруға үйретеді
- D) тәрбие жұмысын жоспарлау, үйлестіру
- E) мектептің шаруашылық қажеттіліктерін қамтамасыз ету
- F) жалпы білім беретін орта мектептерде оқушы санын арттыру

19. Тақырыбын анықтау қажет болатын тәрбие жұмысының түрі:

- A) отбасы мүшелерімен баланың қарым-қатынасын зерттеу
- B) адамгершілік тәрбиесі
- C) сұрақ-жауап алу арқылы қарым-қатынасты анықтау
- D) қиын баланың типін анықтау үшін психологпен кеңесу
- E) дөңгелек стол, пікірталас, мамандармен арнайы кездесу
- F) оқушыларды жан-жақты зерттеу

20. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары

- A) үйірмелер
- B) балалар лагері
- C) кештер
- D) тәрбие тұжырымдамасын жасау
- E) әңгімелер

21. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу
- B) жарыс
- C) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау
- D) пікір аясын кеңейту
- E) мадақтау

22. Отбасы тәрбиесі, экологиялық тәрбие, еңбек тәрбиесі, имандылық (конфессионалдық) тәрбиесі кіреді:

- A) Тәрбие бағыттарына
- B) Қарым-қатынас стиліне
- C) Ынталандыруына
- D) Мазмұнына
- E) Жазалауына

23. Тәрбие үдерісінде тәрбиенің сапасына ықпал жасайтын басымдылықтар:

- A) Тәрбие үдерісінің өту жағдайларындағы кедергілер
- B) Қалыптасқан тәрбиелік қатынастар, әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылған мақсаттардың бір-біріне үйлесуі
- C) Сыртқы қарама-қарсылықты жою
- D) Мектеп пен жанұядағы байланысты дамыту
- E) Тәрбиемен ұштастыра дамытудағы және оқыту үдерістерінің басымдылығын, тәрбиелік ықпалдың сапасы және педагогикалық әсер ету үйлесімділігі
- F) Тәрбиенің негізгі міндеттері мен мақсаттарын қамтитын үдерісті жоспарлау
- G) Объективті және субъективті факторлар әрекетінің байланысы, педагогикалық өзара әрекеттегі тәрбие үдерісіне қатысушылардың белсенділігі
- H) Жаңа сапалардың бағыттылығын анықтау

24. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Марапаттау
- B) Этикалық әңгімені талдау
- C) Ойнату
- D) Жазалау
- E) Пікірталас

25. Іс-әрекет ұйымдастыру және қоғамдық тәрбиеге үйрету әдістері:

- A) мектептегі әдістемелік кеңес
- B) жазалау, жарыс, мадақтау
- C) үйрету
- D) педагогикалық талап
- E) қоғамдық пікір

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Химиялық экология

1. Радиоактивті қалдықтардың өмір сүру уақыты бойынша жіктелуі:
 - A) ұзақ ғұмырлы 100 жылдан ұзақ
 - B) қысқа ғұмырлы 1 тәуліктен аз
 - C) қысқа ғұмырлы 1 жылдан аз
 - D) орташа ғұмырлы 1 тәуліктен -50 тәулікке дейін
 - E) орташа ғұмырлы бір тәуліктен-100 тәулікке дейін
 - F) ұзақ ғұмырлы 2 ғасыр

2. Қауіпті қалдықтардың сипаттамалары:
 - A) уытты
 - B) ауру тудырғыш
 - C) ұшқыш
 - D) ерігіш
 - E) ұсақ дисперсті
 - F) атмосферада тұрақты
 - G) көпфазалы

3. Агрегаттық күйіне байланысты өнеркәсіптік қалдықтардың жіктелуі:
 - A) полифазалы
 - B) аралас
 - C) қатты
 - D) жартылай қатты
 - E) газтәрізді
 - F) сұйық

4. Мұхит суындағы консервантты типтегі аниондар:
 - A) NO_3^-
 - B) PO_4^{3-}
 - C) CH_3COO^-
 - D) F^-
 - E) SO_4^{2-}
 - F) Cl^-
 - G) SiO_3^{2-}

5. Автокөлік газдарының улы компоненттері:

- A) қаныққан көмірсутектер
- B) H_2O , SO_3
- C) H_2S , CO , O_2 , тетраэтилқорғасын
- D) CO_2 , Pb^{2+}
- E) беттік белсенді заттар
- F) H_2O

6. Жасанды радиоактивті изотоптардың биосфераға түсуінің негізгі көздері:

- A) жанғыш қазбаларды жағу
- B) құрылыста шлактар мен пемзаларды қолдану
- C) атом өндірісі
- D) өндірістік процестер технологиясында радиоактивті заттарды қолданатын кәсіпорындар және зертханалар
- E) фосфаттарды өндіру және қолдану
- F) монацитті өңдеу

7. Ағынды суларды тазартудың химиялық әдістері:

- A) Нашар еритін қосылыстарды тұндыру
- B) Филтрлеу
- C) Тотығу-тотықсыздану
- D) Коагуляция
- E) Нейтралдау

8. Экологиялық қауіп қатерлердің көзі болатын адамның пайдалануындағы энергетикалық ресурстар:

- A) атмосфераның химиялық ластануы және оның спектралды мөлдірлігінің өзгеруі
- B) ластағыш заттардың жер асты суларына инфильтрациясы
- C) топырақтардың екіншілік тұздануы және батпақтануы
- D) атмосфераның жылумен ластануы
- E) жер беті су қоймаларының эвтрофикациясы

9. И.П. Герасимов бойынша жаһандық мониторингтің нысандары:

- A) литосфера
- B) атмосфера
- C) гидросфера
- D) өнеркәсіптік және тұрмыстық ағынды сулар
- E) өсімдік және топырақжамылғылары, жануарлар әлемі

10. Бақылау объектілері бойынша жіктелген мониторинг түрлері:

- A) атмосфералық
- B) ұлттық
- C) мемлекеттік
- D) химиялық
- E) топырақ
- F) жаһандық

11. Жердің парагенетикалық қабығы:

- A) барисфера
- B) газдық
- C) биосфера
- D) стратисфера
- E) стратосфера
- F) гидросфера
- G) магмасфера

12. Литосфераның жалпы массасының 99% құрайтын элементтер:

- A) оттегі, кремний, алюминий
- B) оттегі, кремний, алюминий, цирконий, кальций
- C) алтын, күміс, йод, күкірт, кальций, натрий, калий, магний
- D) натрий, калий, магний
- E) оттегі, кремний, алюминий, цирконий, алтын, күміс, йод, күкірт
- F) алтын, күміс, йод, күкірт, оттегі, кремний, алюминий, темір

13. Ерігіштігі бойынша гумус заттарының топтары:

- A) бейорганикалық еріткіштерде еритін
- B) гумин қышқылдары
- C) жақсы еритін, орташа еритін, ерімейтін
- D) гуминдер
- E) фульвоқышқылдар
- F) органикалық еріткіштерде еритін
- G) еритін және ерімейтін

14. Жанармай құрамына кіретін негізгі элементтер:

- A) сульфид және оксид түрінде байланысқан металдар
- B) фосфор, кремний
- C) оттегі, мышьяк
- D) ванадий, вольфрам
- E) күкірт, азот
- F) көміртегі, сутегі

15. Ыдыраудың барлық түрлеріне төзімді және топырақта ұзақ сақталатын қосылыстар:

- A) ДДТ
- B) Фосфорорганикалық инсектицидтер
- C) Хлорфеноксикқышқылдар туындылары
- D) Карбофос
- E) Гексахлоран
- F) Көмірсутекті хлор туындылары

16. Ауыр металдар:

- A) ковалентті байланыс түзуге қабілетті
- B) жинақталуға қабілетсіз
- C) химиялық реакциялардың ингибиторлары
- D) мутагенді және канцерогенді
- E) улылығы жоғары

17. Ауыл шаруашылығында жануарлардың жеміне тыңайтқыштар және минералды қоспа ретінде қолданады:

- A) $Co(NH_2)_2$
- B) $Co(NO_3)_2$
- C) $CoSO_4 \cdot 7H_2O$ $CoSO_4 \cdot 7H_2O$
- D) $Co(OH)_3$
- E) $Co(OH)_2$

18. Судың едәуір кең тараған, тұрақты және алысқа жайылатын химиялық ластануы:

- A) органикалық
- B) табиғи
- C) бейорганикалық
- D) аймақтық
- E) биосфералық

19. Табиғи радиоактивтілікті тудыратын элементтер:

- A) плутоний
- B) радий
- C) вольфрам
- D) молибден
- E) стронций
- F) менделевий

20. Химиялық заттардың сулы ортадан тірі организммен биоконцентрлену кинетикасын сипаттайтын теңдеулер:

A) $\frac{x}{m} = K_1 \cdot C_e^1$

B) $\frac{x}{m} = K \cdot C_e^{1/n}$

C) $\frac{dC_A}{dt} = K_1 \cdot C_w$

D) $\frac{x}{m} = \frac{K_1 \cdot K_2 \cdot C_e}{1 + K_2 \cdot C_e}$

E) $x/m = k_1 \cdot k_2 \cdot c_e / 1 + k_2 \cdot c_e$

21. H₂O химиялық қосылысының физика-химиялық ерекшеліктері:

- A) гидросфераның табиғи радиоактивтік фоны
- B) жоғары кернеулі тартылыс және оған тәуелді едәуір капиллярлы көтерілу, бұл өсімдіктің тамыр жүйесінің қоректенуін қамтамасыз етеді
- C) сулардың минералдық құрамы
- D) кристалданудың (балқу) және қайнаудың (булану) жоғары температурасы
- E) судың аққыштығы және булануының жоғары температурасы
- F) судың өзгермелі температурасы
- G) H₂O сутекті көрсеткіші

22. Газдардың суда ерігіштігі:

- A) Қысым жоғарылаған сайын газдардың ерігіштігі өзгермейді
- B) Қысым жоғарылаған сайын газдардың ерігіштігі артады.
- C) Температура 90 °C дейін жоғарылағанда газдардың судағы ерігіштігі жоғарылайды, одан кейін төмендейді
- D) Судың минералдануы жоғарылағанда газдардың ерігіштігі жоғарлайды
- E) Қысым жоғарылаған сайын газдардың ерігіштігі төмендейді

23. Құрамында мутагенді, канцерогенді, эмбриотоксинді әсер ететін, диоксин заты бар, ең зиянды қалдықтар пайда болады:

- A) өнеркәсіптік және қалалық қоқыстарды жаққан кезде
- B) биопрепараттар өндірісінде
- C) жер беті су қоймаларының ластануында
- D) қорғасын қоспасы бар жағар май жаққан кезде
- E) тау жыныстарының химиялық дефляциясы кезінде
- F) трансгенді инженерия салаларында
- G) жеңіл және тамақ өнеркәсіптердің қалдықтарында

24. Қоршаған орта мониторингінің негізгі практикалық бағыттары:
- A) қоршаған ортаны қорғау салаларында ғылыми зерттеулер жүргізу
 - B) қоршаған ортаға тасталынатын заттарды нормалау
 - C) қоршаған орта жағдайлары мен оған әсер ететін факторларды бақылау
 - D) экологиялық мәдениет негізіндерін қалыптастыру
 - E) қоршаған ортаның мүмкін болатын ластануларға болжам жасап сол жағдайларға баға беру
 - F) қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару негіздері
 - G) қоршаған ортаның ақиқат жағдайына және оның ластану деңгейіне баға беру

25. Территорияны қамту негізінде қазіргі заманғы мониторинг түрлері:
- A) дистанциондық
 - B) жергілікті, жердің шеңберінен аспайтын (биоэкологиялық, санитар-гигиеналық)
 - C) ластағыштар көздерінің мониторингісі
 - D) жаһандық (биосфералық, негізгі)
 - E) биологиялық (биоиндикация)
 - F) климаттық мониторинг
 - G) экобиохимиялық
 - H) аймақтық (геожүйелік, табиғи - шаруашылық)

**Химиялық экология
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**